

Әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 13 сессиясының 2012 жылғы 12 қарашадағы N 129 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 қарашада N 1994 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы № 17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 19.02.2021 № 17 (есми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жылына бір рет жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3000 (үш мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 25.11.2014 N 338 (алғаш оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. "Әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мемлекеттік мекемелерінің ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс атқаратын мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы" Нұра аудандық мәслихатының 2012 жылғы 4 қазандағы XII сессиясының N 119 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша тұрақты комиссиясына (Н. Сүлейменов) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Қ. Жүнісбеков

Б. Шайжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК